

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 225 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫ "
Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының
Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 17-18, 114-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 12, 192-құжат; 1998 ж., № 7-8, 71-құжат; № 22, 290-құжат; 1999 ж., № 10, 340-құжат; № 15, 593-құжат; 2004 ж., № 7, 45-құжат; 2005 ж., № 7-8, 17-құжат; 2006 ж., № 23, 138-құжат; 2007 ж., № 12, 85-құжат; 2009 ж., № 2-3, 5-құжат; 2010 ж., № 11, 55-құжат; 2011 ж., № 3, 30-құжат; 2013 ж., № 17, 84-құжат; 2014 ж., № 16, 89-құжат; 2015 ж., № 14, 75-құжат; № 22-III, 150-құжат; 2017 ж., № 6, 10-құжат; №12, 33-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-бапта "депутаттарының" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 1-тармағында "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-бапта:

2-тармақта "депутаты" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацында "депутаттығына кандидат," деген сөздерден кейін " аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 5-баптың 1-тармағында "депутаттары" деген сөзден кейін ", сондай-ақ аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

5) 6-бапта "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 8-бапта "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 9-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мәслихаттардың депутаттары аумақтық сайлау округі бойынша саяси партиялар ұсынған партиялық тізім бойынша сайланады.";

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау кезінде басқа кандидаттарға қарағанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың көп дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.";

8) 10-бапта:

2-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

3, 4 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Аумақтық сайлау комиссияларын – Орталық сайлау комиссиясы, учаскелік сайлау комиссияларын тиісті аумақтық сайлау комиссиялары құрады.

Орталық сайлау комиссиясын қоспағанда, сайлау комиссияларының құрамын тиісті мәслихаттар қалыптастырады.

Сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін саяси партиялардың ұсыныстары негізінде тиісті мәслихаттар сайлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураны ұсынуға құқылы.

Мәслихат белгілеген, сайлау комиссияларын құру мерзіміне дейін он бес күннен кем болмауға тиіс мерзімде саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар сайлау комиссиясын өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсынысы бойынша сайлайды.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған адамдар оның жұмысына қатысуға келісетіні туралы өтініштерін қоса береді. Сайлау комиссиясының төрағасы, төрағаның орынбасары, хатшысы сайлау комиссиясының отырысында сайланады.

Сайлау комиссияларының жаңа құрамын қалыптастыру сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі аяқталардан кемінде екі ай бұрын басталады және өкілеттік мерзімінің бітуіне кемінде үш күн қалғанда аяқталады.

Сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыратын органдар сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.

4. Сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыру туралы шешім, олардың құрамы мен орналасқан жері бұқаралық ақпарат құралдарында хабарланады.";

"7. Сайлау комиссиясының қызметі сайлау комиссиясын құратын органның шешімі бойынша немесе Орталық сайлау комиссиясы өтінішінің негізінде сот шешімімен тоқтатылуы мүмкін.";

9) 11-бап мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Орталық сайлау комиссиясының қарамағында ведомстволық бағынысты ұйымдары болады, оның функциясына аумақтық сайлау комиссияларының қызметін ұйымдастыруға жәрдемдесу және оның сайлау қызметінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін құруды, дамытуды, енгізуді, сүймелдеуді, оларға әкімшілік жүргізуді, пайдалануды және жүйелік-техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, сондай-ақ материалдық-техникалық қамтамасыз ету кіреді.";

10) 12-бапта:

2-1), 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2-1) саяси партияларды Парламент Мәжілісі депутаттарының және мәслихат депутаттарының партиялық тізім бойынша сайланатын бөлігіне қатыстыру мәселесін қарайды;"

"5) Президентті, Парламент депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау комиссияларына басшылықты жүзеге асырады; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; сайлау науқанын өткізу үшін бөлінген республикалық бюджет қаражатын олардың арасында бөледі; сайлау комиссияларының қызметі үшін қажетті материалдық-техникалық жағдайлардың жасалуын бақылайды және қажет болған жағдайда тиісті шешім қабылдайды; сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) келіп түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; сайлау туралы заңнаманы түсіндіруді ұйымдастырады; сайлау процесіне қатысушыларды оқытуды ұйымдастырады және өткізеді; саяси партиялардың өкілдерімен және сайлау процесіне басқа да қатысушылармен сайлауды ұйымдастыру және өткізу жөнінде семинарлар өткізеді; сайлау жүйелері саласында халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;"

6) тармақшада "депутаттарын" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-2) тармақшамен толықтырылсын:

"6-2) кандидатура алып тасталған, кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күші жойылған, кандидаттарды, партиялық тізімдерді тіркеу туралы шешімнің күші жойылған кезде сайлау бюллетеньдеріне өзгерістер енгізу тәртібін айқындайды;"

15), 16-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"15) мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауды ұйымдастыру және өткізу кезінде аумақтың сайлау комиссиялары қызметінің осы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуін бақылауды жүзеге асырады және осы Конституциялық заңның бұзулуы анықталған кезде олардың шешімдерінің күшін жояды;"

"16-2) Қазақстан Республикасының Сайлаушы азаматтарының бірыңғай электрондық тізілімін жүргізеді;"

мынадай мазмұндағы 16-5), 16-6), 16-7), 16-8) және 16-9) тармақшалармен толықтырылсын:

"16-5) консультациялық-кеңесші органдарды құрады;

16-6) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт жүргізу тәртібін және Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Парламенті, мәслихаттары депутаттарының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауын ақпараттық қамтамасыз етуді айқындайды;

16-7) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым, интернет-ресурс және сайлау қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету объектілерін құру, дамыту, енгізу, сүйемелдеу, оларға әкімшілік жүргізу, пайдалану және қызмет көрсету бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өзіне қатысты мемлекеттік басқару жүзеге асырылатын бағынысты ұйымнан сатып алады;"

16-8) сайлау учаскесінде дауыс беруге арналған үй-жайды, дауыс беру пунктін жарақтандыру жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;

16-9) сенім білдірілген адамдарды тіркеу жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;"

11) 13-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасында "депутаттарының," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Президент, Парламент және мәслихаттар депутаттарының сайлауы жөніндегі аумақтық сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін – он күннен, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерінің сайлауы жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.";

12) 14-бапта:

2) тармақшада "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің," деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) төмен тұрған аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне басшылық жасайды; олардың шешімдерінің күшін жояды және тоқтата тұрады; республикалық бюджеттің сайлау науқанын өткізуге арнап бөлінген қаражатын олардың арасында бөледі; сайлау науқанын өткізуге арналған бюджеттік өтінімдерді ұсынады; учаскелік сайлау комиссияларының қызметіне қажетті материалдық-техникалық жағдайлар жасалуын бақылайды; учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) түскен арыздар мен шағымдарды қарайды; тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс шегінде құрылған барлық сайлау комиссияларының Орталық сайлау комиссиясының шешімдерін атқаруды ұйымдастырады;"

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) сайлаушылар және сайлау учаскелерінің шекаралары туралы мәліметтердің өзектілігін, дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерінің уақтылығын және дұрыстығын, жалпыға бірдей таныстыру үшін олардың табыс етілуін бақылайды;"

7), 8), 9), 10) және 11) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"7) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі сайлау бюллетеньдерінің жасалуын, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссияларына сайлау бюллетендерінің жеткізілуін қамтамасыз етеді;

8) мәслихаттардың депутаттарын сайлауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді; мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсынатын саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдерді тіркейді, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарын тіркейді, кандидаттар мен сенім білдірілген адамдарға тиісті куәліктер береді; партиялық тізімдерді тіркеу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

9) округ бойынша сайлау нәтижелерін белгілейді, мәслихат депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау нәтижелерін қорытындылайды, сайланған депутаттарды, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін тіркейді және бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды; Орталық сайлау комиссиясының ресми интернет-ресурсында жариялау үшін тиісті сайлау округтерінде және сайлау учаскелерінде дауыстарды санаудың хаттамаларын жоғары тұрған сайлау комиссияларына табыс етеді;

10) Сенат депутаттарына қайтадан дауыс беруді және оларды қайтадан сайлауды, мәслихат депутаттарын қайтадан сайлауды, сондай-ақ шығып қалған Сенат депутаттарының орнына сайлауды ұйымдастырады;

11) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де, мәслихаттардан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды, қайтадан сайлауды және шығып қалған мүшелерінің орнына сайлауды тағайындайды және ұйымдастырады; аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне,

өзге де, мәслихаттардан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне кандидаттарды, олардың сенім білдірілген адамдарын тіркейді, оларға тиісті куәліктер береді; жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кандидаттарды тіркеу туралы хабарлар жариялайды; аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де, мәслихаттардан басқа, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаудың қорытындысын шығарады;"

13) 15 және 16-баптар алып тасталсын;

14) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Учаскелік сайлау комиссиялары

1. Учаскелік сайлау комиссиялары тиісті сайлау учаскелерінде Президентті, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттардың депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлауды ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссияларының санын анықтайды:

1) тиісті сайлау учаскесіндегі сайлаушылар саны екі мыңға дейін болған кезде – бестен жеті мүшеге дейін;

2) тиісті сайлау учаскесінде сайлаушылар саны екі мыңнан асатын болған кезде - жетіден он бір мүшеге дейін.

Учаскелік сайлау комиссияларының сан құрамы тақ болуға тиіс.

2. Президентті, Парламент және мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жөніндегі учаскелік сайлау комиссияларының құрамы сайлау тағайындалғаннан немесе хабарланғаннан кейін – он бес күннен, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау жөніндегі аумақтық комиссиялардың құрамы жеті күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.";

15) 18-бапта:

1) тармақшада "депутаттарын" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқығын іске асыруы бойынша қажетті шаралар қабылдайды;"

16) 19-баптың 3, 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, мүшелері, оның аппаратының қызметкерлері, аумақтық сайлау комиссияларының төрағалары немесе олардың орынбасарлары, сондай-ақ хатшылары кәсіби тұрақты негізде өкілдік етеді.

Аумақтық сайлау комиссиясы төрағаның немесе оның орынбасары өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асыруы туралы шешім қабылдайды.";

"6. Сайлау комиссиясының мүшесі:

1) сайлау комиссиясының белгіленген өкілеттік мерзімі аяқталғанда;

2) сайлау комиссиясының қызметі тоқтатылған кезде өз міндеттерін атқарудан босатылады.

Жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімі бойынша төмен тұрған сайлау комиссиясының мүшесі:

1) міндеттерін атқарудан босату туралы өз еркімен өтініш берген;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған;

3) тиісті сайлау комиссиясының құрамын құрған, мәслихаты бар әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткен;

4) соттың оған қатысты айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) оны іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі, хабар-ошарсыз кеткен деп тануы немесе оны қайтыс болған деп жариялағаны туралы сот шешімі заңды күшіне енген;

6) қайтыс болған;

7) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен саяси партияның оны ұсынған саяси партияны тарату туралы не соттың оны ұсынған саяси партияны тарату туралы заңды күшіне енген шешімі қабылданған жағдайларда өз міндеттерінен босатылады.

7. Комиссия мүшесі лауазымдық өкілеттігін немесе осы Конституциялық заңның талаптарын бірнеше мәрте бұзған жағдайда осы сайлау комиссиясының құрамын жасақтаған мәслихат оны лауазымын атқарудан босатады.

8. Жоғары тұрған сайлау комиссиясы сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін шығып қалған комиссия мүшесінің орнына сайлау комиссиясының мүшесін тағайындайды.

9. Осы Конституциялық заңның 23-бабының 3-тармағында көзделген сайлау учаскелерін құру жағдайларын қоспағанда, сайлау комиссиясының құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауға тиіс.

10. Сайлау комиссиясының мүшесі осы комиссия құрамын құрған мәслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруға тиіс.";

17) 20-бапта:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сайлау комиссиялары жалпыға қолжетімді телекоммуникациялық желілерде орналастырылатын, ал осы Конституциялық заңда көзделген жағдайларда өзгедей жолмен жариялауға жататын өз шешімдерімен барлық тұлғалардың еркін танысуы үшін жағдай жасайды.

Сайлау комиссияларының құрамында өкілі жоқ саяси партиялар сайлау науқанын даярлау және өткізу кезеңіне кеңесші дауыс құқығын бар өз өкілін тиісті сайлау

комиссиясына сайлау тағайындалған және жарияланған күннен бастап он күннен кешіктірмей жіберуге құқылы.

Партия Жарғысына сәйкес уәкілетті адамдар қолдарын қойған және мөрмен бекітілген саяси партия өкілін жіберу туралы акт тиісті сайлау комиссиясына жіберіледі. Актіге азаматтардың кеңесші құқығымен комиссияға кіруге келісімі туралы өтініші қоса беріледі.

Сайлау комиссиясы сайлау комиссиясының мүшесін кеңесші дауыс беру құқығымен тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Саяси партияның кеңесші дауыс беру құқығы бар өкілдіріне ақы төленбейді.

Саяси партияның кеңесші дауыс құқығы бар өкілі сайлау комиссиясының отырысында сөз сөйлеуге, сайлау комиссиясының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы, сайлау комиссиясының әрекетіне (әрекетсіздігіне) жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасауға құқылы.

Кеңесші дауыс беру құқығы бар саяси партиялар өкілдері комиссия шешім қабылдаған кезде дауыс бермейді және комиссияның құжаттарына қол қоймайды.";

8-тармақта:

"мезгілде" деген сөзден кейін "партиялық тізімін ұсынған саяси партияның" деген сөздермен толықтырылсын;

"байқаушыдан және" деген сөздерден кейін "аудармашымен бірге жүруге рұқсат етілген" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтың бірінші бөлігінде "округтік," деген сөз алып тасталсын;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Мыналар:

1) Парламент, мәслихаттар депутаттары, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері;

2) Президенттікке, Парламенттің, мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері, сондай-ақ кандидаттардың сенім білдірілген адамдары;

3) мемлекеттік саяси қызметші лауазымындағы адамдар;

4) Қазақстан Республикасы соттарының судьялары сайлау комиссияларының мүшелері бола алмайды.

Кандидаттардың жұбайы (зайыбы) мен жақын туыстары, сондай-ақ кандидаттарға тікелей бағынышты адамдар осы кандидат қатысатын сайлау округінде сайлауды тікелей ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін сайлау комиссияларының құрамында бола алмайды.

Сайлау комиссиясының мүшесі ретінде осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасында және екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың міндеттерін орындау

сайлау комиссиясының шешімі бойынша тиісті кандидатты тіркеген күннен бастап тоқтатыла тұрады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген сайлау комиссиясының мүшесінің орына тиісті сайлау науқаны кезеңінде жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімі мен сайлау комиссиясының мүшесі сайлауы мүмкін.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-анасы (ата-анасының біреуі), балалары, баланы асырап алушылар, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер, апалы-сіңлілер (ағалы-қарындастар), аталар, әжелер, немерелер) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.";

18) 20-2-бапта:

4-тармақтың екінші сөйлемінде "дауыс беру" деген сөздерден кейін "жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде" деген сөздермен толықтырылсын;

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Шет мемлекеттің, халықаралық ұйымның байқаушысын аккредиттеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің ұсынуы бойынша тиісті шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның өтініші негізінде Орталық сайлау комиссиясы кері қайтарып алуы мүмкін.";

19) 21-бапта:

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Партиялық тізімдер негізінде тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде бірыңғай аумақтық сайлау округі құрылады.";

мынадай редакциядағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ әкімінің сайлауында сайлау округі аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің тиісті аумағы болып табылады.";

20) 22-бапта:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сайлау округтерінің тізімін, олардың шекараларын және аумақтық сайлау комиссияларының орналасқан жерлерін көрсетіп, сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он күннен кешіктірмей тиісті сайлау комиссиялары тиісті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.";

3-тармақ алып тасталсын;

21) 23-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Тиісті әкімдер сайлау тағайындалғаннан немесе жарияланғаннан кейін он бес күн мерзім ішінде, ал өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін сайлауды өткізген кезде жеті күн мерзімде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлаушыларды әрбір сайлау учаскесінің шекарасы жөнінде хабардар етеді.";

22) 24-бапта:

1-тармақта "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі," деген сөздермен толықтырылсын;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Сайлаушылар тізімі әліпби тәртібімен немесе өзге тәртіппен жасалады. Тізімде сайлаушының тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы (18 жастағылар үшін – қосымша күні мен айы), жеке сәйкестендіру нөмірі және тұрғылықты мекенжайы көрсетіледі. Таңдаушылар тізімі әліпби тәртібімен немесе өзге тәртіппен жасалады және тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, жеке сәйкестендіру нөмірі, таңдаушы депутаты болып табылатын мәслихаттың атауы әрі оның тұрғылықты мекенжайын қамтиды.

5. Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімін тиісті жергілікті атқарушы орган жеке және заңды тұлғалар туралы мемлекеттік базаның негізінде жасайды.

Әрбір сайлаушы сайлау жарияланған немесе тағайындалған кезден бастап тиісті жергілікті атқарушы органда сайлаушы ретінде тіркелуге құқылы.

Егер сайлаушыға сайлаудан кемінде отыз күн бұрын сайлау күні өзінің тіркелген орны бойынша дауыс беруге арналған үй-жайға келу мүмкіндігі болмайтыны белгілі болса, оның өзінің барған жері бойынша жергілікті атқарушы органға өзін тиісті сайлаушылар тізіміне енгізу жөнінде жазбаша өтініш беруге құқығы бар.

Осы тармаққа сәйкес азамат өтініш жасаған кезде жергілікті атқарушы орган азаматты тіркелу орны бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды және оны сол азамат дауыс беретін учаскенің сайлаушылар тізіміне енгізуді ұйымдастырады.

Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізіміне өзінің шешімімен учаске құрған әкім қол қояды және ол дауыс беру басталғанға дейін жиырма күн бұрын акт бойынша табыс етіледі.

Сайлаушылар және сайлау учаскелерінің аумағы туралы мәліметтерді жергілікті атқарушы орган әр жылдың 1 шілдесіне және 1 қаңтарына қарай электрондық жеткізгіш түрінде ақпаратты тексеруді және жоғары тұрған сайлау комиссияларына беруді қамтамасыз ететін тиісті аумақтық сайлау комиссияларына тапсырады.

Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдары тиісті сайлау комиссиясына тапсырылған сайлаушылар тізімдерінің, сондай-ақ сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.";

23) 25-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тиісті сайлау учаскелері аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелген азаматтар енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар тұрақты тіркеу орны бойынша тізімнен алып тастай отырып, сайлаушылар тізіміне олар жергілікті атқарушы органға олардың өтініштері негізінде енгізіледі;"

24) 26-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сенат депутаттарын сайлау бойынша таңдаушылар тізімдері танысу үшін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы ұсынылады, сондай-ақ сайлауға дейін кемінде жеті күн бұрын облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) мәслихаттарының интернет-ресурстарында орналастырылады;"

25) мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Дауыс беру үшін сайлаушылардың электрондық тізімдерін қалыптастыру

1. Әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылардың тізімдерін тиісті әкім дауыс беру басталғанға дейін жиырма күн бұрын учаскелік сайлау комиссиясына – акт бойынша электрондық және (немесе) қағаз түрінде, аумақтық комиссияға электрондық түрде ұсынады.

2. Учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушылар тізіміне өзгерістер енгізілген жағдайда, бұл туралы жоғары тұрған сайлау комиссиясына хабарлайды.

3. Төмен тұрған аумақтық сайлау комиссиясы сайлаушылардың тізімін электрондық түрде жоғары тұрған комиссияға Қазақстан Республикасының Сайлаушы азаматтарының электрондық тізіліміне енгізу үшін ұсынады.

4. Дауыс беруге арналған сайлаушылар тізімдерін қалыптастыру және салыстырып тексеру, сондай-ақ оларды сайлау комиссияларына ұсыну тәртібін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.";

26) 27-бапта:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, оның ішінде пайдаланушылардың контентін орналастыруға мүмкіндік беретін, Қазақстан Республикасында тіркелген интернет-ресурстар мен ақпараттық-коммуникациялық желілер арқылы;"

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Бұқаралық ақпарат құралдары кандидаттардың, саяси партиялардың сайлау науқанын объективті көрсетуді жүзеге асыруға; кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне көрінеу нұқсан келтіретін үгіт материалдары мен өзге де ақпаратты жариялаудан аулақ болуға; өтініш келіп түскеннен кейін баспа басылымының таяудағы нөмірінде сондай көлемде, сол қаріппен және сол теріске шығарушы хабарлама немесе материал орналастырылған жерде аталған адамдардың ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау үшін теріске шығаруды тегін жариялауына мүмкіндік беруге міндетті. Радио және телевизия арқылы теріске шығару, теріске шығарылатын хабарлама немесе материал теріске шығарылған тәуліктің сол уақытында және сол теле- және радиобағдарламада, сондай-ақ көрсетілген теле- және радиобағдарламалар жабылған жағдайда, тиісті тақырыптық бағытпен сәйкес келетін өзге де теле- және радиобағдарламада берілуге тиіс.

Теріске шығарудың көлемі теріске шығарылатын хабарламаның немесе материалдың көлемінен екі және одан көп есе артық болмауға тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралдары барлық кандидаттарды және партиялық тізімдерді ұсыну, оларды сайлау комиссияларының тіркеуі жөніндегі іс-шаралар туралы ақпаратты баспа бетіндегі орны, эфир уақыты бірдей көлемде таратуға міндетті.

Бұқаралық ақпарат құралдары тиісті сайлау комиссияларына сайлау алдындағы науқан барысы туралы ақпаратты және осы Конституциялық заңда белгіленген хабарламаларды кідіріссіз жариялау мүмкіндігін береді.";

27) 28-бапта:

3-тармақта:

бірінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін кандидаттарға қаражат бөлу тәртібі мен көлемін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.";

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Президенттікке кандидаттар, Мәжіліс депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар Орталық сайлау комиссиясы телевизияда ұйымдастыратын сайлау алдындағы пікірталастарға қатысуға құқылы.

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар телевизияда сайлау алдындағы пікірталастарға қатыса алады, олар тиісті аумақтық сайлау комиссияларын құруға құқылы.

Орталық сайлау комиссиясы айқындайтын сайлау алдындағы пікірталастарды өткізу тәртібі мен шарттары бірдей болуға және белгілі бір кандидатқа немесе саяси партияға артықшылық туғызбауға тиіс.";

үшінші бөліктің үшінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Эфир және баспа бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтерді тиісті бұқаралық ақпарат құралы сайлау алдындағы үгіт жүргізу басталғанға дейін бес күннен кешіктірілмей хабарлауға және жариялауға, сондай-ақ Президент және Парламент сайлауы кезінде – Орталық сайлау комиссиясына, ал мәслихаттар депутаттарын және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде өзге де аумақтық сайлау комиссияларына ұсынылуға тиіс.";

мынадай мазмұндағы төртінші және бесінші бөліктермен толықтырылсын:

"Орталық және аумақтық сайлау комиссияларының интернет-ресурстарында бұқаралық ақпарат құралдары ұсынған эфир және баспа бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер орналастырылады. Бұқаралық ақпарат құралдары эфир уақытын және баспа бетінен орын беру төлемінің мөлшері, шарттары мен тәртібі туралы мәліметтер жарияланғанға дейін кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың үгіт материалдарын орналастыру, тарату үшін эфир уақытын, баспа бетінен орын бере алмайды.

Сайлау алдындағы үгіт кезеңінде кандидаттардың, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялардың сайлау алдындағы үгітке байланысты мерзімді баспа

басылымының таралымы барлық кандидаттар, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар үшін бірдей болуға тиіс.";

7-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "Президенттікке, Парламент және мәслихат депутаттығына кандидаттар" деген сөздер "Кандидаттар, партиялық тізімін ұсынған саяси партиялар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Осы Конституциялық заңға сәйкес міндетті түрде жариялануға жататын мәліметтер жергілікті атқарушы органдар мен сайлау комиссияларының интернет-ресурстарында орналастырылады. Мерзімді баспа басылымдары сайлау комиссияларының хабарламаларын Орталық сайлау комиссиясы айқындайтын тәртіппен және көлемде республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен орналастырады.

9. Сайлаумен байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу нәтижелерін жариялаған кезде бұқаралық ақпарат құралдары, сұрау салуды жүргізген заңды тұлғаны, сұрау салуға тапсырыс берген және оның ақшасын төлеген адамдарды, сұрау салу жүргізілген уақытты, ақпарат жинау әдісін, сұрау салудың нақты тұжырымын, сұралғандардың саны мен сұрау салу нәтижесінің қателік коэффициентін көрсетуге міндетті.

Қоғамдық пікірге сауалнаманы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген, қоғамдық пікірге сауалнамалар жүргізу бойынша кемінде бес жыл тәжірибесі бар заңды тұлғалар бұл туралы Орталық сайлау комиссиясын жазбаша түрде алдын ала хабардар етіп, тиісті құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, жүргізуге құқылы. Орталық сайлау комиссиясына жіберілген хабарламада сауалнама жүргізуге қатысатын және осы салада талдау әдістері қолданылатын қоғамдық пікірге сауалнама жүргізілетін өңірлерде жұмыс тәжірибесі бар мамандар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қоғамдық пікірге сауалнама нәтижелерін, сайлау нәтижелерінің болжамын, сайлауға, интернет желісінде кандидаттарды не саяси партияларды қолдап дауыс беруге байланысты өзге де зерттеулерді дауыс берілетін күннің алдындағы бес күн ішінде және дауыс берілетін күні жариялауға жол берілмейді.

Сайлау күні дауыс беруге арналған үй-жайда немесе пунктте қоғамдық пікірге сауалнама жүргізуге тыйым салынады.";

28) 29-баптың бірінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі "депутаттығына," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне," деген сөздермен толықтырылсын;

29) 31-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттың үш сенім білдірілген адамнан аспайтын өкілге құқығы бар.";

30) 32-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Интернет желісінде бұрын орналастырылған үгіт материалдарын бұрынғы орнында қалдыруға болады. Бұрын орналастырылған материалдарды интернет-ресурстардың негізгі беттерінде шығаруға жол берілмейді.";

31) 33-бапта:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау жергілікті бюджет қаражатынан қаржыландырылады.

Бюджет қаражатын жұмсауды аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.";

2-тармақтың 5) тармақшасындағы "депутаттығына," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округі әкімдігіне," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет қаражатынан мыналарға:

1) сайлау комиссияларын ұйымдастыру мен олардың қызметіне;

2) үй-жайларды жалға алуға;

3) іс сапар шығыстарына;

4) кандидаттардың сайлау алдындағы көпшілік іс-шараларын өткізуге және кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын шығаруға;

5) кандидаттардың көлік шығындарына;

6) сайлау комиссиясының үй-жайында және дауыс беруге арналған пунктте орналастырылатын әкімдікке кандидаттар туралы ақпараттық плакаттарды дайындауға жұмсалған шығыстар жабылады.

Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттардың сайлауын ұйымдастыру мен өткізуге бөлінетін қаражат мөлшерін тиісті облыстық сайлау комиссиясы айқындайды.";

32) 34-бапта:

1-тармақтағы "депутаттарын" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдігіне кандидаттарды" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алып тасталсын;

4-тармақта:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"мәслихаттардың депутаттарын сайлау кезінде – аумақтық сайлау комиссиялары;"

мынадай мазмұндағы бесінші абзацпен толықтырылсын:

"аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерін сайлау кезінде – аудандық (қалалық) сайлау комиссиялары бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.";

6-тармақтың алтыншы сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Арнайы уақытша шот ашудың, сайлау қорларының қаражатын жұмсаудың тәртібін және тиісті банк мекемесін Орталық сайлау комиссиясы айқындайды.";

10-тармақтағы "депутаты," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдері," деген сөздермен толықтырылсын;

33) 37-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сайлау бюллетеньдері учаскелік сайлау комиссияларына сайлауға дейін үш күннен артық емес және сайлауға дейін кем дегенде бір күн бұрын сайлау учаскесіндегі сайлаушылардың жалпы санының 1 проценті резервімен жеткізіледі.";

34) 38-баптың 1-тармағында:

1-тармақта бірінші сөйлемінде "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын; екінші және төртінші сөйлемдерде "немесе округтік" деген сөздер алып тасталсын;

35) 39-бапта:

бірінші сөйлемде "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Дауыс беретін үй-жайларды жабдықтау кезінде мүмкіндігі шектеулі азамат болып табылатын сайлаушыларға кедергісіз қол жеткізуі және дауыс беруі үшін жағдайлар қамтамасыз етілуі тиіс.";

36) 40-баптың 1-тармағында "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын;

37) 41-баптың 6-тармағының жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс жерлерде дауыс беру кезінде бюллетень (бюллетеньдер) сайлаушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсету арқылы сайлаушыларға дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беру туралы өтініштерінің негізінде беріледі, олар бұл туралы өтініштеріне қол қояды.";

38) 43-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші сөйлемінде "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) мәслихаттардан басқа, Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын, жергілікті өзін-өзін басқару органдарының мүшелерін сайлау кезінде дауыс беруді қоспағанда, бір саяси партиядан, бір кандидаттан артық белгіленген;"

7-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7-1. Учаскелік сайлау комиссиясы (Сенат депутаттарын және Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайтын Парламент Мәжілісі депутаттарын сайлауы кезінде аумақтық

сайлау комиссиясы) сенім білдірілген адамның жазбаша нысанда берілген арызы бойынша дауыстарды қайта санауды осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген мерзімде бір рет қана жүргізеді.";

8-1-тармақтың бірінші бөлігі, 8-2-тармақ алып тасталсын;

39) 44-бапта:

2-тармақта "депутаттарын," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін," деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) мәслихаттар депутаттарын, сайлау қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық сайлау комиссиялары сайлау өткізілген күннен бастап жеті күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды;

3) мәслихаттардан басқа, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін сайлаудың қорытындылары туралы хабарды тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайлау өткізілген күннен кейін төрт күннен кешіктірмей жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.";

5-тармақта:

бірінші бөлікте:

"округтерінің жалпы саны;" деген сөздерден кейін "бекітуден шығу куәлігі бойынша дауыс берген сайлаушылар саны;" деген сөздермен толықтырылсын;"

"депутаттары," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлікте:

"округтік" деген сөз "аумақтық" деген сөзбен ауыстырылсын;

"әрбір кандидат үшін;" деген сөздер "әрбір кандидат, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша әрбір саяси партия үшін;" деген сөздермен ауыстырылсын;

"депутаттығына" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің бірінші сөйлемінде ", ал округтік сайлау комиссияларының хабарламаларындағы деректер сайлау учаскелері бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

40) 45-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"45-бап. Президентті, Парламент, мәслихаттар депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін және өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелерін тіркеу

Тиісті сайлау комиссиялары осы Конституциялық заң белгілеген тәртіппен жеті күн мерзім ішінде олардан Конституцияға және Республика заңдарына сәйкес Президенттің, Парламент, мәслихат депутатының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің және жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің мәртебесімен

сыйыспайтын өз міндеттерін доғару туралы жазбаша өтініштерін алғаннан кейін сайланған Президентті, Парламент, мәслихат депутаттарын, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелерін тіркеуді жүргізеді.";

41) 46-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"46-бап. Президенттің, Парламент, мәслихаттар депутатының, аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің және жергілікті өзін-өзі басқару органы мүшесінің куәлігі мен омырауға тағатын белгісі";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдеріне, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелеріне – олардың әрқайсысына аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің, өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшесінің Орталық сайлау комиссиясы белгілеген үлгідегі куәлігін береді.";

42) 47-бапта:

1-тармақта "депутаттығына" деген сөзден кейін ", аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта "депутаттығына," деген сөзден кейін "аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне," деген сөздермен толықтырылсын;

43) 48-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жергілікті атқарушы органдар сайлау комиссияларына мүмкіндігі шектеулі азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі жұмысқа жәрдемдесуге міндетті.";

44) 50-баптың 2-тармағының 3) тармақшасында "тіркегенге дейін" деген сөздер "тіркеу мерзімі біткенге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

45) 50-1-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Электрондық сайлау жүйесі немесе оның жекелеген элементтері пайдаланатын сайлау округтері мен сайлау учаскелерін Орталық сайлау комиссиясы анықтайды.";

46) 55-баптың 2-тармағында "қалғанда" деген сөзден кейін "алдына жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде" деген сөздермен толықтырылсын;

47) 59-бапта:

2-1-тармақтың екінші бөлігінде "Президентінің міндеттерін атқаруға" деген сөздер "Президенттігіне кандидат болып тіркеуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта "қалғанда" деген сөзден кейін "жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде" деген сөздермен толықтырылсын;

7-тармақтың 3) тармақшасының бесінші абзацында "өзін тіркегенге дейін" деген сөздер "кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

48) 71-баптың 1-тармағында "қалғанда" деген сөзден кейін "жергілікті уақытқа бойынша сағат он сегізде" деген сөздермен толықтырылсын;

49) 73-бапта:

3-тармақта "қалғанда" деген сөзден кейін "жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде" деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың 3) тармақшасының бесінші абзацы "кандидат өзін тіркегенге дейін" деген сөздер "кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

50) 74-баптың 1-тармағында "күннен бастап" деген сөздер "күнге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

51) 87-бапта:

3-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Саяси партиялар адамдарды партиялық тізімге орналастыру тәртібін дербес айқындайды.";

52) 89-бапта:

6-тармақтың 4) тармақшасының үшінші абзацында, 5) тармақшасының төртінші абзацында, 6) тармақшасының бесінші абзацында "тіркелгенге дейін" деген сөздер "тіркелу мерзімі аяқталғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармағында бірінші және екінші сөйлемдерінде "қалғанда" деген сөздерден кейін "жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде" деген сөздермен толықтырылсын;

53) 101-бапта:

1-тармақтың 3) тармақшасы және 4-тармақ алып тасталсын;

54) 103, 104, 105, 106, 107, 108-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"103-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттар ұсыну

1. Партиялық тізімдер бойынша сайланатын мәслихат депутаттарына кандидаттарды ұсыну құқығы саяси партияларға тиесілі.

2. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік мәслихатының депутатын сайлау үшін тұлғаларды партиялық тізімге енгізу, саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының жалпы мүшелерінің көпшілік дауысымен жүргізіледі.

3. Саяси партиялардың партия мүшесі емес тұлғаларды партиялық тізімге қосуға құқылы емес.

4. Саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының шешімі азаматтың партиялық тізімге енуге келісімі туралы өтінішімен бірге тиісті аумақтық сайлау комиссиясына жіберіледі.

5. Партиялық тізімге адамдарды орналастыру тәртібі саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының шешімімен анықталады. Саяси партияның өкілі партиялық тізімді тиісті аумақтық сайлау комиссиясына партиялық

тізімді ұсыну туралы саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының хаттамасынан үзінді көшірмесімен бір мезгілде ұсынады. Өкілдің құзыреті тиісті құжаттармен расталуы қажет.

6. Ешкім кандидат болып бір сайлау округінен артық ұсынылуы мүмкін емес.

7. Сайлау тағайындалған кезде өзгеше белгіленбесе, партиялық тізімдер бойынша сайланатын мәслихат депутаттығына кандидаттар ұсыну сайлау күнінен екі ай бұрын басталады және сайлау күніне бір ай қалғанда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады.

8. Егер тиісті сайлау округі бойынша партиялық тізіміндерді тіркеу мерзімі аяқталатын күні мәслихат депутаттығына кандидаттардың екі партиялық тізімнен аз тіркелсе, аумақтық сайлау комиссиясы кандидаттарды ұсыну мерзімін жиырма күннен аспайтын мерзімге ұзартады.

104-бап. Мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу

Саяси партиялар ұсынатын саяси партиялардың тізімдерін тіркеуді тиісті аумақтық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

Партиялық тізімдерін ұсынған саяси партиялар өз қаражаттарынан жергілікті атқарушы органдардың шотына сайлау жарнасын партиялық тізімге енгізілген әрбір адам үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының бес есе мөлшерінде енгізеді.

Тиісті аумақтық сайлау округі бойынша сайлау жарнасы, алдындағы тиісті мәслихат депутаттарының сайлауында дауыс беруге қатысқандардың санынан сайлаушылардың жеті және одан да көп пайызы дауысын алған саяси партиялар төлемейді.

Тиісті аумақтық сайлау округі бойынша тиісті мәслихат депутаттарына сайлауда дауыс беруге қатысқандардың санынан сайлаушылардың дауыстарының бестен жеті пайызына дейін дауысын алған саяси партия, осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген сайлау жарнасының мөлшерінен елу пайыз мөлшерде жарна төлейді.

Тиісті аумақтық сайлау округі бойынша тиісті мәслихаттың депутаттарын алдыңғы сайлауда дауыс беруге қатысқандардың санынан сайлаушылардың дауыстарының үштен бес пайызына дейін дауысын алған саяси партия, осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген сайлау жарнасының мөлшерінен жетпіз пайыз мөлшерінде жарна төлейді.

Сайлау қорытындылары бойынша саяси партия дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының кемінде жеті пайызын жинаған жағдайда, сондай-ақ партиялық тізімге енгізілген жалғыз кандидат қайтыс болған жағдайларда саяси партияға жарна қайтарылады. Қалған барлық жағдайларда жарна қайтарылуда жатпайды және республикалық бюджет кірісіне алынады.

2. Партиялық тізімге енгізілген кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға

сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістер мен мүлік туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидатты тіркеген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтерді ұсыну туралы мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұрау салынған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

3. Партиялық тізімдерді тіркеу мынадай құжаттар болған кезде жүргізіледі:

1) уәкілетті органда саяси партияны тіркеу туралы құжаттың көшірмесі қоса берілген партиялық тізімін ұсыну туралы саяси партияның тиісті филиалы (өкілдігі) жоғары басқару органының хаттамасынан үзінді көшірме;

2) азаматтың партиялық тізімге енгізуге келісім беру туралы өтініші;

3) партиялық тізімге енгізілген әрбір адам туралы өмірбаяндық деректер;

4) саяси партияның сайлау жарнасын енгізгенін растайтын құжат;

5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірісі мен мүлкі туралы декларацияларды табыс ету туралы мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;

6) партиялық тізімге енгізілген адамның осы тізімді ұсынған саяси партиядағы мүшелігін растайтын құжат.

4. Аумақтық сайлау округінде бір саяси партияның бір ғана тізімін тіркеуге рұқсат етіледі.

5. Мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін тіркеу туралы аумақтық сайлау комиссиясы хаттама жасайды, ол жоғары тұрған сайлау комиссиясына бес жұмыс күні ішінде беріледі.

6. Аумақтық сайлау комиссиясы:

1) партиялық тізімдерді тіркегеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында саяси партияның атауын және партиялық тізімге енгізілген адамдардың санын, сондай-ақ тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, лауазымы (мамандығы) партиялық тізімге енгізілген әрбір адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жерін көрсете отырып тіркеу туралы хабарды жариялайды;

2) тіркеген кезде кандидаттарға тиісті куәлік береді;

3) мынадай жағдайларда:

партиялық тізімді ұсыну қағидаларын саяси партиялардың өрескел бұзуы, тіркеу үшін қажетті құжаттарды ұсынбауы;

партиялық тізімді ұсынған саяси партияның ол ұсынған кандидаттардың, сайлау алдындағы үгітті оның сенім білдірілген адамдарының тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не оның алдындағы күні жүргізуі;

кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының өзінің іскерлік беделіне нұқсан келтіретін басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін сот анықтаған;

барлық партиялық тізімнің елу пайызынан астамын құрайтын тұлғалардың партиялық тізімінен шығу;

партиялық тізімді ұсынған саяси партияның немесе оның сайлаушылардың сенім білдірілген өкілдерінің сатып алушылық фактілерін сот анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімді тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Партиялық тізімді тіркеу туралы шешімнің күшін жою немесе бұрын дауыс беру күнінен екі күн бұрын тіркеуден шығарылған партиялық тізімді қалпына келтіруге жол берілмейді;

4) мынадай жағдайда:

партиялық тізімге енгізілген адамның Қазақстан Республикасының Конституциясында және осы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сай келмеуі;

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістер мен мүлік туралы мәліметтердің анық еместігін декларацияны берген кезде анықталған жағдайда;

партиялық тізімге енгізілген адам өзінің сайлау алдындағы науқанда лауазымдық немесе қызметтік жағдайын пайдаланған;

партиялық тізімге енгізілген адам сайлау алдындағы үгітті партиялық тізім тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не оның алдындағы күні жүргізген;

партиялық тізімге енгізілген адамның немесе оның сенім білдірген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін сот анықтаған;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда партиялық тізімге енгізілген адамды осы тізімнен шығару туралы шешім қабылдайды.

Осы тізімнен партиялық тізімге енгізілген адамды алып тастау туралы шешім, партиялық тізімді ұсынған саяси партия не партиялық тізімнен шығарылған тұлға сотқа шағым жасай алады, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Партиялық тізімге енгізілген адамды дауыс беретін күнге екі күн қалғанда шығару туралы шешім қабылдауға жол берілмейді.

7. Партиялық тізімді тіркеу туралы шешімді тіркеуден бас тарту немесе оны жою туралы шешімді жоюға жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа жеті күн ішінде шағым жасалуы мүмкін. Бұл ретте жоғары тұрған сайлау комиссиясы немесе сот шағым беру туралы шешімді шағым берген күннен бастап жеті күн ішінде шығарады.

8. Партиялық тізімдерді тіркеу екі ай бұрын басталады және сайлауды белгілеу кезінде өзгеше белгіленбесе, сайлау күніне дейін жиырма бес күн бұрын жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде аяқталады.

105-бап. Кандидатураны алып тастау, мәслихат депутаттығына кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Партиялық тізімге енгізілген адам аумақтық сайлау комиссиясына және саяси партияға жазбаша өтінішпен жүгініп, өзінің кандидатурасын алып тастай алады.

2. Саяси партияның не оның тиісті филиалының (өкілдігінің) басшы органы тіркеу дейінгі кезеңде және одан кейін аумақтық сайлау комиссиясына мәслихат депутаттығына кандидатты партиялық тізімнен алып тастау туралы тиісті ұсынысымен жүгіне алады.

3. Мұндай жағдайларда аумақтық сайлау комиссиясы партиялық тізімге енгізілген адамды алып тастау туралы шешім қабылдайды.

4. Егер кандидатураны алып тастау немесе кандидатты ұсыну туралы шешімнің күшін жою осыған мәжбүр ететін мән-жайсыз жүргізілсе, аумақтық сайлау комиссиясы сайлау науқанын жүргізуге республикалық бюджет қаражатынан жұмсалған шығыстардың бөлігін оны ұсынған саяси партияның шотына жатқызуға міндетті.

106-бап. Мәслихат депутаттығына кандидаттың сайлау қорының мөлшері

1. Саяси партиялар ұсынған партиялық тізімдер құрамына дауысқа түсетін кандидаттар өздерінің сайлау қорларын құруға құқылы емес.

2. Әрбір партиялық тізімге саяси партиялардың сайлау қорлары:

1) жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен мың еседен аспауға тиіс саяси партияның өз қаражатынан;

2) жалпы сомасы заңнамада белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен екі мың еседен артық аспауға тиіс Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырымалдықтарынан құрылады.

107-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін шығып қалғандардың орнына мәслихаттар депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімін ұсыну

1. Егер тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін партиялық тізімдерден шығып қалу нәтижесінде тиісті сайлау округі бойынша мәслихат депутаттығына екіден кем кандидаттардың партиялық тізімі қалса, аумақтық сайлау комиссиясы өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

2. Мұндай жағдайда мәслихат депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсыну осы Конституциялық заңда белгіленген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

108-бап. Мәслихат депутатын сайлау кезінде дауыстарды санау

1. Учаскелік сайлау комиссиясы аудандық (қалалық) және облыстық мәслихаттар депутаттарын сайлау кезінде дауыс беру нәтижелері бойынша хаттамалар жасайды, олар тиісті сайлау комиссиясына (аудандық, қалалық, қаладағы аудандық) дереу жіберіледі.

2. Аудандық, қалалық сайлау комиссиялары учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде дауыс беру нәтижелері бойынша сайлау басталған күннен бастап екі күндік мерзімнен кешіктірмей аудандық және қалалық мәслихаттарға депутаттарды сайлау қорытындысын анықтайды.

3. Аудандық, қалалық, қаладағы аудандық сайлау комиссиялары учаскелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) мәслихаттары депутаттарын сайлау барысында дауыс беру нәтижелері бойынша хаттамалар жасайды, олар жоғары тұрған сайлау комиссияларына дереу жіберіледі.

Облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) сайлау комиссиялары осы хаттамалар негізінде сайлау күнінен бастап екі күннен аспайтын мерзімде облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) мәслихаттарына депутаттарды сайлаудың нәтижелерін анықтайды.";

55) 111-баптың 2-тармағы алып тасталсын;

56) мынадай мазмұндағы 111-1-баппен толықтырылсын:

"111-1-бап. Партиялық тізімдер бойынша дауыс беру қорытындысы бойынша депутаттық мандаттарды бөлу

1. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы дауыс беруге қатысқандар санынан сайлаушылар дауыстарының жеті және одан да көп пайызын алған әрбір партиялық тізім үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша берілген сайлаушылар дауысының сомасын есептеп шығарады. Жеті пайыздық кедергіден асқан саяси партиялардан берілген сайлаушылар дауыстарының сомасы бөлінетін депутаттық мандаттар санына бөлінеді. Алынған нәтиже алғашқы сайлау жеке саны (квота) болып табылады.

2. Егер дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының жеті пайызын тек қана бір саяси партия алса, онда депутаттық мандаттарды бөлуге көрсетілген саяси партияның тізімі, сондай-ақ дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының келесі көп санын жинаған партияның партиялық тізімі жіберіледі.

Екі саяси партия үшін берілген сайлаушылар дауыстарының сомасы бөлінетін депутаттық мандаттар санына бөлінеді. Алынған нәтиже алғашқы сайлау жеке саны (квота) болып табылады.

3. Депутаттық мандаттарды бөлуге қатысатын әрбір партиялық тізім алған дауыстардың саны алғашқы сайлау жеке санына бөлінеді.

Үш пайыздық кедергіден аспаған және осы баптың 2-тармағына сәйкес мандаттарды бөлуге қатысатын партияның тізімімен алынған дауыстардың саны алғашқы сайлау жеке санына бөлінеді және 0,7 түзету коэффициентіне көбейтіледі.

Санды бөлу нәтижесінде алынған тұтас бөлік партиялық тізімді құрған тиісті саяси партия алатын депутаттық мандаттар саны болып табылады.

Жеті пайыздық кедергіден аспаған және осы баптың 2-тармағына сәйкес мандаттарды бөлуге қатысатын саяси партия кемінде бір мандат алады.

4. Егер осы баптың 3-тармағына сәйкес жүргізілген әрекеттерден кейін бөлінбеген мандаттар қалса, оларды қайта бөлу жүргізіледі. Бөлінбеген мандаттар осы баптың 3-тармағына сәйкес бөлудің нәтижесінде алынған санның ең көп бөлшектенген бөлігі (қалдығы) болатын партиялық тізімдерге бір-бірден беріледі. Ең көп қалдық тең болған жағдайда бұрын тіркелген партиялық тізімге басымдық беріледі.

Осы баптың 2-тармағына сәйкес мандаттарды бөлу кезінде бөлінбеген мандаттар дауыс беру қорытындысы бойынша жеті пайыздық кедергіден асқан партиялық тізімге беріледі.

5. Депутаттық мандаттарды бөлу кезектілігін саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) басшы органы партиялық тізімге енгізілген кандидаттардың қатарынан сайлау қорытындысы жарияланған күннен бастап бес күннен кешіктірмей айқындайды.

6. Депутат мерзімінен бұрын шығарылған жағдайда оның мандаты тиісті аумақтық сайлау комиссиясының қаулысымен партиялық тізімге енгізілген депутаттардың қатарынан саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) басшы органы айқындайтын келесі кандидатқа беріледі.

Егер тиісті партиялық тізімде кандидаттар қалмаса, мандат мәслихаттың депутаттарын келесі сайлауға дейін бос болып қалады.";

57) 112, 113-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

"112-бап. Мәслихаттар депутаттарын тіркеу

1. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы сайланған мәслихаттар депутаттарын тіркейді.

2. Тиісті аумақтық сайлау комиссиясы аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының ұсынысы немесе азаматтардың өтініштері бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзу орын алса, мәслихат депутаттарын сайлауды жарамсыз деп тануы және мәслихат депутатын тіркеуден бас тартуы мүмкін. Бұл ретте аумақтық сайлау комиссиясының осы шешіміне ол қабылданған күннен бастап он күн ішінде партиялық тізімді ұсынған саяси партия сотқа шағым бере алады, ол он күн ішінде шешім қабылдайды.

113-бап. Мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлауды өткізу

Мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлау осы Конституциялық заңда мәслихаттар депутаттарын кезектен тыс сайлау үшін белгіленген қағидаларға сәйкес өткізіледі. Бұл ретте сайлау іс-шараларын өткізу мерзімін тиісті аумақтық сайлау комиссиясы айқындайды.";

58) мынадай мазмұндағы 13-1-тараумен толықтырылсын:

"13-1-тарау. Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлау";

59) мынадай мазмұндағы 113-1, 113-2, 113-3, 113-4, 113-5, 113-6, 113-7, 113-8, 113-9, 113-10 және 113-11-баптармен толықтырылсын:

"113-1-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округке әкім сайлауды тағайындау

1. Сайлауды тағайындау үшін:

1) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің заңда белгіленген өкілеттігі мерзімінің аяқталуы;

2) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату негіз болып табылады.

2. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімін сайлауды тиісті облыстық сайлау комиссиясы аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттігінің мерзімі аяқталғанға дейін кемінде үш ай бұрын тағайындайды және олардың заңда белгіленген өкілеттігінің мерзімі өткенге дейін кемінде бір ай бұрын өткізілуге тиіс.

3. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сайлауды тиісті облыстық сайлау комиссиясы тағайындайды және оның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

4. Сайлау күні туралы хабар жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

113-2-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне қойылатын талаптар

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкіміне сайлану үшін Қазақстан Республикасының азаматы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарға, мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес болуы, сондай-ақ оның Конституцияның 33-бабының 2 және 3-тармақтарына және осы Конституциялық заңға сәйкес сайлану құқығы болуы тиіс.

113-3-бап. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды ұсыну

1. Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттар ұсынуды белгіленген тәртіппен тіркелген саяси партиялар өздерінің мүшелері қатарынан жүргізеді.

2. Саяси партияның тиісті филиалы (өкілдігі) басшы органының аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды ұсыну туралы шешімі хаттамадан үзінді көшірмемен ресімделеді.

3. Саяси партияның тиісті филиалы (өкілдігі) басшы органының шешімі:

1) ұсынылған кандидаттың назарына жеткізіледі;

2) кандидаттың дауысқа түсуге келісімі туралы өтінішімен бірге аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне кандидаттарды ұсыну туралы хаттамадан үзінді көшірмесі қоса тіркеліп, тиісті аудандық сайлау комиссиясына жіберіледі.

4. Кандидаттардың біреуден артық сайлау округінде ұсынылуына жол берілмейді.

5. Кандидаттарды ұсыну сайлау тағайындалған күннен кейінгі келесі күннен бастап басталады және сайлау өткізу күніне дейін бір ай бұрын аяқталады.

6. Егер саяси партиялардың ұсынуы мерзімі аяқталған күні аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдеріне екіден кем кандидат ұсынылса, онда кемінде екі кандидат ұсынуды аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі осы баптың 5-тармағында көзделген ұсыну мерзімі аяқталғаннан кейін бес күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

7. Аудандық сайлау комиссиясы үш күн ішінде кандидаттың Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілейді.

113-4 бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ әкімдерінің кандидаттарын тіркеу

1. Кандидаттарды тіркеуді аудандық сайлау комиссиялары жүзеге асырады.

2. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын мемлекеттік кіріс органдары кандидат тіркелген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талаптар алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті.

3. Саяси партия ұсынған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар:

1) осы саяси партияның мемлекеттік тіркелгені туралы құжаттың көшірмесі қоса тіркелген, кандидатты ұсыну жөніндегі саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органының отырысы хаттамасынан үзінді;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ әкімдігіне кандидат болып дауысқа түсуге келісуі туралы өтініші;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған жағдайда жүргізіледі.

4. Аудан әкімі ұсынған кандидатты тіркеу мынадай құжаттар:

1) аудан әкімінің ұсынысы;

2) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округ әкімдігіне кандидат болып дауысқа түсуге келісу туралы өтініш;

3) кандидат туралы өмірбаяндық деректер;

4) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы болған жағдайда жүргізіледі.

5. Кандидаттарды тіркеу туралы аудандық сайлау комиссиясы хаттама жасайды.

6. Аудандық сайлау комиссиясы кандидаттарды тіркегеннен кейін жетінші күннен кешіктірмей, әр кандидаттың тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, атқаратын қызметін (жұмысын), жұмыс орны мен тұрғылықты жерін, сондай-ақ кандидаттың өз қалауына қарай ұлтқа жататындығы туралы мәліметтерді көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында хабар жариялайды.

7. Аудандық сайлау комиссиясы тіркеу кезінде кандидаттарға тиісті куәлік береді.

8. Мынадай жағдайларда аудандық сайлау комиссиясы:

1) кандидатты ұсыну қағидаларын бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеген;

2) кандидат осы Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмеген;

3) кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған;

4) кандидат сайлау алдындағы үгітті өзін тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген;

5) кандидаттың және (немесе) оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді таратқан фактісін сот анықтаған;

6) сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған;

7) осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда кандидатты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

9. Аудандық сайлау комиссиясы декларацияны тапсыру кезіне кандидат немесе оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анық еместігі анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Дауыс беретін күнге екі күн қалғанда кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға немесе бұрын тіркеуден шығарылған кандидатты қалпына келтіруге жол берілмейді.

10. Кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға кандидаттарды ұсынған саяси партия, аудан әкімі немесе кандидаттың өзі үш күн мерзім ішінде тиісті облыстық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Облыстық сайлау комиссиясы немесе сот шағым берілген күннен бастап үш күн мерзім ішінде шағым бойынша шешім шығарады.

Егер сайлауды тағайындағанда өзгеше белгіленбесе кандидатты тіркеу барлық қажетті құжаттарды алғаннан кейін басталады және сайлау күніне жиырма күн қалғанда аяқталады.

113-5-бап. Кандидатураны алып тастау, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне кандидат етіп ұсыну туралы шешімнің күшін жою

1. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге екі күн қалғанға дейін аудандық сайлау комиссиясына, саяси партияға, сондай-ақ кандидаттарды ұсынған аудан әкіміне бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып, өз кандидатурасын қайтып ала алады.

2. Кандидаттарды ұсынған саяси партияның тиісті филиалының (өкілдігінің) жоғары басшы органы, сондай-ақ аудан әкімі тіркеуге дейінгі және одан кейінгі кезеңде бұл туралы әкімге кандидатқа хабардар ету арқылы кандидатты ұсыну туралы өз шешімінің күшін жоя алады.

3. Кандидаттарды ұсыну туралы шешімнің күшін жою туралы арыз тиісті аудандық сайлау комиссиясына жіберіледі, ол бұл негізде кандидатты тіркемейді не кандидатты тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

113-6-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне кандидаттың сайлау қорының мөлшері

Кандидаттың сайлау қоры:

1) кандидаттың жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен жиырма бес еседен аспауы тиіс жеке қаражатынан;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары мен ұйымдарының жалпы сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақы мөлшерінен елу еседен аспауы тиіс ерікті қайырмалдықтардан құралады.

113-7-бап. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне кандидаттыққа ұсыну

1. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аудандық сайлау комиссиясы өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

2. Тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін кандидаттардың шығып қалуы нәтижесінде тиісті сайлау округі бойынша аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне екіден кем кандидат қалған жағдайда, аудандық сайлау комиссиясы өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол екі айдан аспауға тиіс.

3. Мұндай жағдайларда кандидаттарды ұсыну осы Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады.

113-8-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін сайлау кезінде дауыстарды санау

1. Участкелік сайлау комиссиясы дауыс беру нәтижелері бойынша дауыс беру хаттамасын жасайды, ол дереу аудандық сайлау комиссиясына жіберіледі.

2. Дауыстарды санау нәтижесін анықтауға байланысты өзге де мәселелер, осы Конституциялық заңға сәйкес шешіледі.

113-9-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкіміне қайта сайлау

1. Егер сайлау жарамсыз деп танылса, облыстық сайлау комиссиясы қайта сайлау өткізу жөнінде шешім қабылдайды.

2. Қайта сайлау бастапқы сайлаудан кейін екі ай мерзімнен кешіктірілмей өткізіледі.

Қайта сайлауда жүзеге асыру көзделген сайлау шаралары облыстық сайлау комиссиясы белгілеген мерзімде, осы Конституциялық заңға сәйкес жүргізіледі.

113-10-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне сайлаудың қорытындыларын анықтау және жариялау

1. Сайлау қорытындылары аудандық сайлау комиссиясының мәжілісінде участкелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде анықталады.

Сайлау қорытындылары туралы аудандық комиссияның төрағасы мен мүшелерінің қолы қойылған хаттама жасалады.

2. Басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауысының көпшілік санын алған кандидат аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімі болып сайланды деп есептеледі.

Егер екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алған болса, онда аудандық сайлау комиссиясында бұрын тіркелген кандидат сайланған болып танылады.

3. Сайлау қорытындыларын анықтаудың және жариялаудың өзге мәселелері осы Конституциялық заңға сәйкес шешіледі.

113-11-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін тіркеу

1. Тиісті аудандық сайлау комиссиясы участкелік сайлау комиссияларының хаттамалары негізінде аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің сайланған әкімдерін сайлау өткізілген күннен бастап үш күн мерзімде тіркейді

2. Тиісті аудандық сайлау комиссиясы учаскелік сайлау комиссиясының ұсынысы немесе азаматтардың арыздары бойынша, егер сайлау барысында немесе дауыстарды санау не сайлау нәтижелерін анықтау кезінде осы Конституциялық заңды бұзушылық орын алса, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдігіне сайлауды жарамсыз деп тануы және аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімін тіркеуден бас тартуы мүмкін. Кандидаттар аудандық сайлау комиссиясының осы шешіміне оның қабылданған күнінен бастап бес күн ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады, ол он күн мерзімде шешім қабылдайды.";

60) 116-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы алып тасталсын;

61) 118-баптың 6-тармағы 3) тармақшасының бесінші абзацында "өзін" деген сөз "тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

62) 119-баптың 1-тармағында "күннен бастап" деген сөздер "тіркелген күнге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын:

63) 121-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған күні жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелігіне екіден кем кандидат тіркелген жағдайда, аумақтық сайлау комиссиясы өз шешімімен сайлау мерзімін ұзартады, бірақ ол бір айдан аспауға тиіс.";

64) мынадай мазмұндағы 130-1 және 130-2-баптармен толықтырылсын:

"130-1-бап. Мәслихаттар депутаттарын сайлау мерзімдері

Мәслихаттардың депутаттарын сайлау, сайлаудың пропорционалды жүйесі негізінде осы Конституциялық заңда көзделген негіздер болған жағдайда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізіледі.

Осы көрсетілген мерзімге дейін осы Конституциялық заңның тиісті нормалары бұрынғы редакцияда қолданылады.";

130-2-бап. Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдерін сайлауды өткізу мерзімдері

Аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің әкімдерін жалпы, тең, тікелей сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы сайлау осы Конституциялық заңда қарастырылған негіздер болған жағдайда, 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жүргізіледі.

Осы көрсетілген мерзімге дейін осы Конституциялық заңның тиісті нормалары бұрынғы редакцияда қолданылады.";

65) 133-бап:

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"19-баптың 3-тармағы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтатыла тұрсын деп белгілей отырып, қолданылуы тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақ мынадай мазмұнда қолданылады:

"3. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы, мүшелері және оның аппаратының қызметкерлері өз өкілеттіктерін кәсіби тұрақты негізде жүзеге асырады.

Сайлау комиссиясының төрағасы сотта және басқа да мемлекеттік органдарда комиссияның мүддесін білдіреді, сондай-ақ ол сайлау комиссиясының мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттікті тиісті сенімхат беру арқылы басқа адамдарға беруге құқылы.";

екінші бөліктің 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) 104-бапта:

1-1-тармақ тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"1-1. Партиялық тізімге енгізілген кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) тіркеуге дейін тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына осы Конституциялық заңға сәйкес белгіленген ұсыну мерзімі басталатын айдың бірінші күніне салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген тәртіппен және нысанда кірістері мен мүлкі туралы декларациялар ұсынады.

Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларациялаған кірістері мен мүлкі туралы мәліметтердің анықтығын мемлекеттік кіріс органдары кандидатты тіркеген күннен бастап он бес күн ішінде тексереді.

Бұл ретте кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы мәліметтер ұсыну жөніндегі мемлекеттік кіріс органдарының талаптарын алған ұйымдар сұратылған ақпаратты талап алынған күннен бастап төрт күн ішінде ұсынуға міндетті." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақтың;

2-тармақтың 5) тармақшасы тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"5) кандидат пен оның зайыбының (жұбайының) кірістері мен мүлкі туралы декларациялар тапсырғаны жөнінде мемлекеттік кіріс органының анықтамасы;" деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы тармақшаның;

6-тармақтың 3-1) тармақшасының бірінші бөлігі тоқтатыла тұрған кезеңде мынадай:

"3-1) партиялық тізімге енгізілген адамды бұл тізімнен мынадай жағдайларда:

партиялық тізімге енгізілген адамның Қазақстан Республикасы Конституциясында және осы Конституциялық заңда кандидатқа қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі;

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнамасына сәйкес кандидат немесе оның жұбайы (зайыбы) жариялаған табысы және мүлкі туралы ақпараттың анық емес екендігі туралы декларацияны табыс еткен кезде анықталған жағдайда;

партиялық тізімге енгізілген адамның өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдалануы;

партиялық тізімге енгізілген адам, партиялық тізімге тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін сайлау алдындағы үгітті жүргізуі;

партиялық тізімге енгізілген адамның немесе оның сенімді адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілері туралы сот анықтағанда;

осы Конституциялық заңда белгіленген өзге де жағдайларда алып тастау туралы шешім қабылдайды." деген редакцияда қолданылады деп белгіленіп, осы бөліктің;"

2-бап. Осы Конституциялық заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК